

Астана қаласы мәслихатының 2008 жылғы 9 шілдедегі № 114/18-IV "Белсенді туберкулезбен ауыратын мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету қағидасы туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Астана қаласы мәслихатының 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 411/54-IV Шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2011 жылғы 12 қаңтарда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 665 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2014 жылғы 27 маусымдағы № 250/36-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 27.06.2014 № 250/36-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. Шешімнің тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша «Ережесі», «ережесінде» деген сөздер «Қағидасы», «қағидасында» деген сөздермен ауыстырылды - Астана қаласы мәслихатының 27.03.2014 № 225/31-V (алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Астана қаласы әкімдігінің ұсынысын қарап, "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңының 8-бабының 3) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Астана қ а л а с ы н ы ң м ә с л и х а т ы **Ш Е Ш Т І :**

1. Астана қаласы мәслихатының 2008 жылғы 9 шілдедегі № 114/18-IV "Белсенді туберкулезбен ауыратын мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету қағидасы туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2008 жылғы 15 тамызда № 540 болып тіркелген, 2008 жылғы 21 тамыздағы № 102 "Вечерняя Астана", 2008 жылғы 21 тамыздағы № 99 "Астана ақшамы" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген Белсенді туберкулезбен ауыратын мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету қағидасында:

1-тармақтың бірінші азатжолында "және амбулаторлық емделудегі" сөздері а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

7-тармақтың екінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"Әлеуметтік көмекке мұқтаж азаматтар деп Астана қаласының Туберкулезге қарсы диспансерінде диспансерлік есепте тұрған және амбулаторлық емделудегі а з а м а т т а р д е п т а н ы л с ы н ."

2. Осы шешім оны алғашқы ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

	<i>Астана қаласы</i>	<i>мәслихаты</i>
<i>сессиясының төрағасы</i>	<i>Е. Оспанов</i>	
	<i>Астана</i>	<i>қаласы</i>
<i>мәслихатының хатшысы</i>	<i>В. Редкокашин</i>	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК